



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

2017 жылғы 31 шілде

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 142

Алматы қаласы

город Алматы

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Басқармасының кейбір қаулыларының
күші жойылды деп тану туралы**

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
20 <u>17</u> ж. « <u>24</u> » <u>08</u>	НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІ
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № <u>15548</u> болып тіркелді	

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 549 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 1 сәуірдегі № 452 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасы (Әбішева Т.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

№ 0003687

(Сурьяшев Д.К.)

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы



Д. Ақышев

(Курманов Т.К.)


Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы «31» шілдедегі
№ 142 қаулысына
қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Басқармасының күші жойылды деп танылатын кейбір
қаулыларының тізбесі**

1. «Қолма-қол ақша белгілерін – тиындарды ақша айналымынан алу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 3 наурыздағы № 57 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1428 тіркелген, 2001 жылы Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдары нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде № 12, 345-құжат және 2001 жылғы 30 наурызда «Егемен Қазақстан» газетінде № 67 (22671) жарияланған).

2. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 29 сәуірдегі № 38 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7008 тіркелген, 2011 жылы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында № 6 және 2011 жылғы 28 қазанда «Заң газеті» газетінде № 158 (1974) жарияланған).

3. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Қолма-қол белгілерін - тиындарды ақша айналымынан алу ережесін бекіту туралы» 2001 жылғы 3 наурыздағы № 57 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 41 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7485 тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырда «Егемен Қазақстан» газетінде № 261-266 (27340) жарияланған).

 (Қурманжанов Т.К.)